

2023 жылы 29 тамызындағы
№1 педагогикалық кеңесте
бекітілді.
«Асылнұрай» бөбекжай балабақшасы»
менгерушісі
Жантөреева



"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы ЖШС 2023- 2024 оқу жылының педагогикалық кеңестің

№1 хаттамасы

2023-2024ж.

Күн тәртібі:

Тақырыбы: Жылдық жоспарды ұйымдастыру

1. Жаңа оқу бағдарламасымен стандартқа енгізілген толықтырулар туралы Жаңа бағдарламаны талқылау және қоданысқа ендіру.
2. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту
3. Күн тәртібін бекіту
4. Жаңа мемлекеттік стандарт бойынша топтарда дамыту орталарын ұйымдастыру және құру
5. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту
6. «1-қыркүйек-Білім күні»
7. «Жақсы бала ата ана қуанышы» тренинг
8. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» баяндама

1. Тыңдалды. балабақша меңгерушісі Д.Жантөреева қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, педагогтарға творчестволық табыс тіледі және ұжымның назарын педкеңеске бағыттап №1 педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сонымен бірге меңгеруші педагогикалық кеңестің құрамына құрамына білім беру ұйымының басшысы (төрайым), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлауды ұсынды.

Сөйледі балабақша әдіскері Г.Удербасова өткен оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы тәрбиеші К.Жантөреева кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндамалар мен құжаттарды өз мезгілінде жинақтар отырғанын айтып, қайта сайлауды ұсынды.

Педагогтар толық қосылатындығын білдірді.

Сөйледі меңгеруші Д.Жантөреева биылғы білім беру жүйесін реформалау бойынша мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамыту моделін бекітілгенін, оның мақсаты дені сау, бербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыты мен қағидаттарын айқындау.

Модельді орындау үшін биылғы жылы стандарт, үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі оқытудың бағдарламасы өзгертілді. Бұл балаларды ерте жастан

толыққанды дамуына, мақсатты ойындар арқылы кешенді және белсенді оқытуға бағытталады. Стандарт бойынша мектепке дейінгі ұйым түлегі

физикалық дамыған, ізденімпаз, бастамашыл, табанды, бейімделуге қабілетті көпшіл, командада жұмыс істей білетін, эсoциoналды жауапты, өзі, отбасы, қоғам, мемлекет, әлем және табиғат туралы алғашқы түсінікке ие тұлға тәрбиелеу екенін түсіндірді.

Сонымен бірге балаларды оқыту тәсілдерін өзгерту тәрбие мен оқыту оқу бағдарламасының мазмұны арқылы процесті кіріктіру жолымен іске асырылатын, балаларды ойын арқылы оқыту басты мәселе екенін айтып өтті. Сонымен бірге биылғы жылға өзгерістерді нақтылап түсіндіріп өтті.

1. Бұрын сабақтар үстел басында өткізілсе енді балалар сабақта 15-20 минут отырмай, күні бойы әрекетті жоспарлап, бала балабақшаға келген сәттер бастап үйіне қайтқанға дейін тәрбиеленеді;

2. Білім беру салалары пән ретінде қабылдансағ енді білім салалары дағдыларды игеру болып өзгерді, яғни қауіпсіз қол жетімді заттық-кеңістіктік орта құру керек,

3. Оқыту нақты көрнекті тәжірибеден-абстарақтылы түсініктерге қарай жүргізіледі;

4. Балаларды еске сақтауға емес, дағдыларды меңгеруге үйретеді

Балабақшадағы оқу қызмет атауы ұйымдастырылған іс-әрекет болып өзгертілгенін,

Сонымен бірге оқу жоспарларындағы өзгерістер жаратылыстану оқу қызмет міндеттері қоршаған орта оқу әс-әрекетінде жүзеге асырылатынын, қауіпсіз мінез құлық негіздері, валеология оқу қызметі алынып тасталғанын түсіндіріп өтті.

Сонымен бірге қазақ тілі оқу іс әрекеті ендірілгенін, ортаңғы топтан бастап түсіндіріп өтті. Стандарттағы өзгерістерді басшылыққа алып жұмыс істеуге шақырды.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері Г. Удербәева «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы: Жарақтандыру педагогтың жұмыс орнын дайындау шолу тексеру қорытындысымен таныстырды. Шолу тексеру 5.09.23 ж өткізілді. Мақсаты:

1. Тазалық және топтық рәсімдеу эстетикасы; 2. Жарық және жылу режимін сақтау; 3. Топтық бөлмелерді рәсімдеу; 4) Үнемі тұрақты бөлмеде өсетін өсімдіктер; 5) Дамыта оқыту орталығы; 6) Балабақша тәрбиешілерінің құжаттамасымен танысу.

Әдіскер барлық топта тәрбиешілер топты эстетикалық талапқа сай дайындаған, бала жасына сай керекті құралдарды жасаған. Топтар ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Балалардың еркін ойнап тұруы үшін барлық жағдай жасалған. Тәрбиешілер құжаттары толық жазылған. Білім салалары бойынша керекті құралдар топтың жас ерекшелігі бойынша жинақталған.

Дегенмен анықталған кемшіліктер де жеткілікті екенін, дене шынықтыру құралдары ескірген, жаңалану керек, кітаптар ескірген, жыртылған. Ортаңғы топта математика оқу қызметке арналған үлестірме материалдары аз, рольдік ойын атрибуттары аз. Топтарда музыка оқу қызметіне арналған құралдар тіптен жоқ екенін, т.с.с кемшіліктердің анықталғанын айтты. Осы кемшіліктерді 10.10.2023ж дейін жоюды ескертті.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

3.Тыңдалды балабақша әдіскері Г.Удербоева 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды, тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын дамыту мына бағыттар бойынша: -физикалық қасиеттерін дамыту, Коммуникативтік дағдыларын дамыту, Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, шығармашыл дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Балабақшадағы іс -әрекеттер кіріктіру арқылы күні бойы іске асырылады:денешынықтыру(ерекшетәрбиеленушілерүшінбейімделгенденешынықтыру); жүзу(жүзубассейніболғанкезде);сөйлеудідамыту; көркемәдебиет;сауаташунегіздері; қазақтілі;сенсорика;математиканегіздері;құрастыру;қоршағанортаментаныстыру;суретсалу;мүсіндеу;жапсыру; музыка.

Балабақша ұйымының кестесіне қарай өткізілетін іс-әрекеттер де бар екенін айтып өтті. «Денешынықтыру»ұйымдастырылғаніс-әрекетіаптасына үш рет «Музыка»ұйымдастырылғаніс-әрекетіерте,кіші,ортаңғытоптардааптасына бір рет, ересек және мектепалды даярлық топтары мен сыныптарындааптасына екі рет музыкажетекшісімен, «Қазақ тілі(мектепке дейінгі ұйымкестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет жүргізілетінін түсіндірді.Дегенмен балалардың физикалық , коммуникативтік және музыкалық дағдыларын күні бойы дамытуға уақыт бөлінетінін ескертті.

Сонымен бірге тәрбиеші 3 құжат толықтыратынын ескертті.

1)перспективалықжоспар; 2)циклограммаға; 3) балалардың мониторингті мен жеке даму картасын толықтыратынын ескертіп, перспективалық жоспар мен циклограмманы жобалаудың үлгісімен таныстырды.

Тәрбиешілер әдіскердің түсіндіргенін орындайтындықтарын білдірді.

4. Тыңдалды балабақша әдіскері Г.Удербоева педагогтарды 2023-2024оқу жылының жылдық жоспарымен, күн тәртібі және топтарға арналған ұйымдастырыл ған оқу іс-әрекет кестесімен таныстырып өтті.

Жылдық жоспардың мақсаты

1.Денсаулық сақтау технологиясын пайдалану арқылы балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту.

2.Иновациялық технологиялар арқылы тілдік қызметті дамыту нысандары мен әдістерін жетілдіру.

Міндеті:

-Балалардың өзінің физикалық денсаулығына қамқорлығы және өмір сүру қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жаңа денсаулық сақтау технологиялары арқылы жеке гигиена машықтары мен денсаулық сақтау негіздеріне баулу. Қимыл дағдыларын меңгеру.

-Тілдік қызмет білімдерінің, машықтарының, дағдыларының жеткілікті деңгейінің қалыптасуы. ҚР халық шығармашылығымен таныстыру (суретшілер, композиторлар, жазушылар мен ақындар) Дамытушы ортасын құру, жаңа технологиялар қолдану. (фольклорлық ойын сабақтары) Халық шығармашылығы (ертегілер, жұмбақтар, мақалдар, әндер) арқылы балалардың адамдарға, табиғатқа ерекше көзқарастарын тәрбиелеу, педагогтардың білімін көтеру.

Осы мақсаттарды орындау үшін жұмыстар жүргізуді ұсынды.

Сондай-ақ әдіскер топтардың ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне тоқталып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы 1-қосымшасына сай үлгілік оқу жоспарына сай дайындалғанын айтып, барлық топтың оқу қызмет кестесін толық түсіндіріп өтті.

Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылғанын айтып өтті. Күн тәртібі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар туралы" № ҚР ДСМ-2 бұйрығына сәйкес негізге алынғанын айтып, күн тәртібін қатаң сақтау керектігін ескертті.

(Оқу іс-әрекет кестесі және күн тәртібі қоса тіркелді)

Сөйледі балабақша меңгерушісі Д.Жантөреева жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

Педагогтар 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

5.Тыңдалды балабақша әдіскері Д.Жантөреева Аттестаттау өлшем шарттары. Аттестатталушы педагогтардың өтініштерімен таныстырды. Балабақша педагогтары М.Алжанбаева биылғы жылы аттестаттаудан өтуге жататынын айтып өтті. Педагогтардың биылғы жылы ҰБТ тапсыруы керектігін, еген тесттен өткен жағдайда портфолио дайындап тапсыратындарын ескертті.

Сонымен бірге аттестаттау өлшемшерттары және талап ететін құжаттарды түсіндіріп өтті.

Білім

беру

қызметкерлерін аттестаттау кезінде біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы куәлік талап етіледі ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. № 83 бұйрығымен бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес педагог аттестаттау кезінде педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту Қағидаларына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат ұсынады (ҚР БҒМ 04.05.2020 ж. № 175 бұйрығы).

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары ҰБТ өту кезінде тест тапсырмаларының жауаптары қалай бағаланатынын түсіндіріп, педагогтарға дайындалу керектігін ескертті.

Аттестатталуға өтініш берген педагогтар толық келісті

6. Тыңдалды балабақша меңгерушісі Д.Жантөреева Жас ерекшеліктері бойынша балалар тізімін бекіту бойынша есебі. Балабақшада жас топтары 5 топ ұйымдастырылғанын, балалар жас қағидаттары бойынша топтарға жасақталғанын түсіндіріп өтті. Сонымен бірге меңгеруші Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 348 бұйрығы (стандарт) 4 тарау **Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар және 25 тармағына сәйкес** Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

кіші топ – 2 жастағы балалар; -40 бала

Ортаңғы топтары – 3 жастағы балалар; -25 бала

ересек топ – 4 жастағы балалар; -50 бала

7. Өз бетімен білім алу мәселелері (жоспарлау, жетістіктері, мәселелер болашағы)

Мектепке дейінгі ұйым педагогтары өз білімін үнемі жетілдіріп отыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің талабы, сондықтан оларды үнемі жетілдіріп отыру қажет. 2020 жылы карантин жағдайында ақпараттық технологиялар өте керек болды. Қазіргі кезде де ақпараттық технологиялар балабақша балаларды оқытуда көптеп қолданылуда. Дегенмен тәрбиешіге компьютерлік сауаттылықтан басқа жаңа технологияларды кеңінен білу керектігін ескертті. Сондықтан әр педагог өзін-өзі жетілдіру перспективалық жоспарын құрып, зерттелетін тақырып табу, вебинарларға қатысу, оқу жылының соңында есеп беру керектігін ұсынды.

Педагогтар толық келісім берді.

Ашық іс-әрекеттер

Білім күні Қарлығаш және Күншуақ топтарында өтіледі

Жақсы бала ата ана қуанышы атты тренинг өтуді әдіскер Г Удербасева жүктелсін

Қаулы:

1. Балаларды тәрбиелеу мен білім беру үдерісінде және 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
2. Топтарды жарақтандыру шолу тексеру қорытындысы қанағаттанарлық. Анықталған кемшіліктер бойынша түзетулер жүргізілсін. Мерзімі 10.10.2023 ж
3. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары және ұйымдастырылған оқу іс-әрекет кестесі, күн тәртібі бекітілсін.
4. Аттестатталушы педагогтар өтініштері қабылдансын, тізім бекітілсін.
5. Тәрбиеленушілер тізімі бекітілсін. Кейін қабылданған балалар жас қағидаттары бойынша топқа жіберілсін.
6. Тәрбиешілер өз білімін көтеру перспективалық жоспары жасалсын. Оқу жылының соңында есеп жасалсын.

Кеңес төрайымы

Хатшысы:



Д.Жантөреева

К.Қандаулетова



ітемін;
рушісі:
төреева

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2023-2024 оқу жылының
педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы**

ХАТТАМА №2.

Өткізілген уақыты: 03.11.2022 ж

Қатысқандар саны-12

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: «Балалар шығармашылығы».

- 1 Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы
- 2 Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымастырылуы
- 3 Ай сайынғы балалардың балабақшаға келуін және жеке бас гигиенасын бақылау

ТЫНДАЛДЫ: Өткен кеңестің шешімдері жөнінде балабақша меңгерушісі Д.Жантөреева сөйледі. Балабақшаның жылдық жоспары бекітіліп, жоспарланған атқарылуда. Топтардың перспективалық жоспары бекітіліп, циклограмма жазылуда. Мектепке дейінгі ұйымда педагогтарды қайта даярлау курстарының жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес 2023-2024 оқу жылында 2 педагог біліктілігін арттыру курстарынан өтуге ұсыныс білдірді.

Меңгеруші Д.Жантөреева Қазіргі заманда балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық дамуы-білім беру мен тәрбие саласындағы маңызды міндеттерінің бірі

Шығармашылық әлуатті дамыту тек қана олардың болашағы үшін емес, қоғамның интеллектуалдық және мәдени өсуіне де әсер етеді. Осыған орай балаларға арналған контенттік ақпараттық қамтамасыз ету және қолдау бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамыту-олардың ішкі әлемін байытып, өзіндік ойлау қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп қысқаша түсінік беріп кетті.

ТЫНДАЛДЫ: Б.б.әдіскері Г.Удербоева сөз алды балабақшада күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылған. Балабақшаның басты

факторларының бірі — баланы жан-жақты дамыту болып келеді. Қазіргі уақытта әр педагогтың алдында жаңа қоғамның талаптары қойылған, балалармен жұмыс жасаудың жаңа қызықты және шығармашылық тәсілдерін табу міндеттері тұр. Сондықтан балалармен оқу қызметінде осы арт педагогиканың элементтерін қолдана отырып, үйлесімді жан- жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу және зияткер қабілетін арттыру мақсатын көздеп отырмыз. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады. Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларда бар себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады. Сондықтан тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек. Өйткені дұрыс ойлау ұрпақтан ұрпаққа табиғи түрде беріледі, оның үстіне тәжірибе арқылы да қалыптасады. Сонымен ойлау қызметінің белсенділігін арттыру үшін балалардың танымдық қызметін дамытатындай өзіндік пікір, қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар ұйымдастыру қажет. Ойын арқылы балалардың негізгі іс - әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл- ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады. Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі — логикалық ойындар. Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді. Балалардың қызығушылығын арттыруда, танымдық қабілеттерін дамытуда мақсаты мен міндеттерін атап өтті. Логикалық ойлауы дамыған бала шығармашылыққа, ойлана әрекет етуге, өзінің іс - әрекетін талдауға үйренеді.

Қорыта келе, аталған жұмыс түрлері, бала үшін, оның танымын, логикасын арттыру үшін өмірде қажетті екенін көрсетеді, яғни олардың шығармашылық деңгейін көтереді, қызығушылықтарын арттырады.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгеруші Д.Жантөреева ай сайын балалардың бақшаға келуін қадағалауды тәрбиешілерге жүктеді

Балабақша медбикесі Г Молдабекова Жеке бас гигиенасы ережелері зиянды микробтар мен паразиттарды жұқтырып алмас үшін, жеке гигиена ережелерін сақтау керек

Бұл талаптарды бұзу адамның денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін
Соның ішінде балалардың тамақтанатын ыдыс аяқтары, бет
орамалдары, жатын төсектерін қатаң қадағалау керектігін атап кетті

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалды қанағаттанарлық;
2. Балабақшада күн тәртібінің сақталуы және серуен ді дұрыс ұйымдастыру
әдіскерге жүктелсін
- 3 Ай сайын балалардың бақшаға келуі және жеке бас гигиенасы бақылау
әдіскер мен мейірбикеге жүктелсін

Педагогикалық кеңес төрайымы Жантөреева

Хатшы :



Қандаулетова



Бекітемін;
Мектеп директоры:
Д.П. Которева

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2023-2024 оқу жылының
педагогикалық кеңестің
№3 хаттамасы**

2023-2024 жыл

ХАТТАМА № 3

Өткізілген уақыты: 23.12.2023 ж

Қатысқандар саны-12

Тақырыбы: «Танымдық қабілетімізді арттырайық».

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысының есебі
- 3 Жемқорлықсыз болашақ пікір талас
- 4 Уанған жағдайдағы алғашқы көмек баяндама
- 5 Ашық іс әрекеттерді талқылау

ТЫҢДАЛДЫ:Балабақша меңгерушісі Д.Жантөреева өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Барлық топтарда заттық дамытушы орталар толықтырылды. Ұлттық бұрыш жасалып, киіз үй жабдықтарын толықтырып, балалардың қызығушылығын оятатын макеттерден Алдаркөсе ертегісіндегі кейіпкерлерді қойдық.Түрлі оюлармен көмкерілген кілемшелер, құрақ көрпелер қойылды.Топтарда дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған қуыршақтар, түрлі машиналармен толықтырылды. Ортаңғы топта кітап бұрышымен жабдықталды. Табиғат бұрышы гүлдермен толықтырылды.

ТЫҢДАЛДЫ:Бөбекжай б.б. әдіскері Г.Удербоева бөбекжайдың жарты жылдық жылдық есебін баяндады. Жарты жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер,семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылық есептерін тапсырды.Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық

ұйымдастырылған іс әрекеттердің жоспарын , жүргізген жұмыстарын өткізді.

ТЫНДАЛДЫ: Үшінші мәселе бойынша меңгеруші Д. Жантөреева Сыбайлас жемқорлық пен жүйелі түрде күресу-ас қажетті жұмыс. Бұған еш күмән жоқ Мемлекет жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық фактілерін анықтау ғана емес жемқорлықтың алдын алу үшін жұмыс жүргізіп жатыр . Иә ,бүгінде мемлекетіміз Заң мен тәртіп қағитаттарына негізделген әділетті шаралар қабылдауда.

Соған сәйкес Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолында халықаралық стандарттарды басшылыққа ала отырып жүйелі жұмыстар жүргізуде. Сондықтан да жемқорлықтың алдын алуда тек мемлекет емес тұтас ұлт болып күресуіміз керек. Сонда ғана сыбайлас жемқорлық азайып әділетті Қазақстан құра аламыз деп сөзін аяқтады.

ТЫНДАЛДЫ: 4 мәселе бойынша мейірбике Г Молдабекова «Уланудың алдын алу және алғашқы көмек» атты баяндамасын оқып қызметкерлерге түсіндірме жұмысын жүргізді

Бесінші мәселе Ашық іс әрекеттерді талқылау әдіскер Г Удербоева сөз алып тәрбиешілердің ашық іс әрекеттерін талқылап кемшіліктерімен жетістіктерін атап көрсетті

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулылары орындалды.
- 2.Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмыстары әдіскер Г Удербоеваға жүктелсін.
- 3 Жемқорлықтың орын алмауын қадағалау.
- 4 Уланған жағдайда алғашқы көмекті қызметкерлермен тәрбиеленушілерге түсіндіріп,ашық іс әрекеттер өтуді мейірбике Г Молдабековаға жүктелсін

Педагогикалық кеңес төрайымы _____ Д. Жантөреева.

Хатшы



_____ К.Кандаулетова



Бекітемін;
Балалармен жұмыс жасаушы
А.П. Жаторева

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2023-2024 оқу жылының
педагогикалық кеңестің
№4 хаттамасы**

2023-2024 жыл

ХАТТАМА № 4.

Өткізілген уақыты: 26.03.202 ж

Қатысқандар саны -

Тақырыбы: «Әдепті болып өсеміз».

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Көктемгі күзгі кезеңде баланың өмірімен денсаулығын қорғау жөніндегі балабақша тәриешілеріне нұсқаулық
3. Ашық іс әрекеттерді талдау

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі Д.Жантөреева өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Барлық топтарда жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитикалық есебіне қорытынды жасады. Жарты жылдықтағы білім-білік дағдыларын анықтау мақсатында диагностикалау жасалды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгеру бойынша барлық топтарда мониторинг жүргізіліп қорытындысына тоқталып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ : Тәрбиеші М.Алжанбаева әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына ықпал ету мүмкіндіктері тақырыбында баяндама оқыды. Тәрбиеші баланың танымдық іс-әректтерін жеке дамуына ықпал ету мақсатында не жасауға болады нені қолдануға неге көп мән беру керектігі жайында қысқаша айтып өтті. Баланы зерттеу арқылы оқыту. Тәрбиешінің ғана қолынан келетін нәрсе-ол баланың ісіне деген қызығушылығын өшіріпалмай, ары қарай іске асыру, дамыту, яғни ойлау қабілетінің ерекшеліктерін

дамыту, белсенділігін арттыру, қызығушылығын дамыту. Балаға берілетін тапсырмалардан ерекше тапсырмаларды беру, көбірек ойландыру, танымдық дидактикалық ойындар беру арқылы қызығушылықтарын үстемдеу, сұрақтар мен мәселелерді шешуді, өз бетімен іс әрекет істеуге үйрету зерттеуге баулу. Бала бақшадағы алғашқы таным ол көруден, сезінуден басталады. Оны бала бойына қалыптастырудың тиімді жолы-ойын арқылы жеткізіп, қалыптастыру. Ойын – бала табиғатымен егіз, өйткені бала ойынсыз өспейді, жан-жақты дамымақ емес. Ойын – бала миын жаттықтыратын әрі тынықтыратын негізгі жаттығу. **Танымды қалыптастырудың негізгі бағыттары:**

- түсіндіру, суреттеу, «ойын» технологиясы арқылы оқыту.
- оқыту принципі, әдіс- тәсілдеріне сүйене отырып білім беру.
- сабақтан тыс өткізілетін шаралар, жекелей жұмыстар, қосымша үйірмелер арқылы әрі қарай дамыту.
- Заттардың белгілері мен сипаттамалық ерекшеліктерін сезу, есту, иіс сезу арқылы қабылдап, оларды 2-3 сөйлем арқылы жеткізгендерін
- Уақыт, кеңістік, себеп-салдарлық, мөлшерлер туралы қарапайым ұғымдарды түсіне білгендерін
- Табиғатта өзін-өзі ұстаудың бірнеше нормасын меңгерген, ересектер мен бірге өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасайтын, жаңа ақпарат алудың қажеттілігін түсінетін бала тәрбиелеу.

ТЫНДАЛДЫ Меңгеруші Д. Жантөреева балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөнінде нұсқаулық беріп кетті.

Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім берудің басымдылық мақсаты-өзгернемелі өмір жағдайына тез бейімделетін өз жолын дұрыс тандай білетін оң ешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса мектепке дейінгі тәрбие



Бекітемін;
Балаларға баулушы:
Т.П. Жатореева

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2023-2024 оқу жылының
педагогикалық кеңестің
№5 хаттамасы**

2023-2024 жыл

«Асылнұрай» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңестің кезекті отырысы

ХАТТАМА № 5.

Өткізілген уақыты: 25.05.2024 ж

Қатысқандар саны -12

Тақырыбы: Біржылдық жұмыстың қорытындысы

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Өткен педкеңестің шешімінің орындалуының есебі
- 2 Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беру
Жазғы сауықтыру шынықтыру жоспарын бекіту
- 3 Қорытынды мониторинг туралы
- 4 Ашық іс әрекетті талқылау

ТЫҢДАЛДЫ: меңгеруші Д Жантөреева өткен кеңестің шешімінің орындалуын қадағалады

ҚР Мемлкеттік стандартының орындалуы бойынша бөбекжай тәрбиешілері жылдық есебін баяндады.Бір жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер,семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін,Білім кидс бойынша жасалған перспектива,циклограмма т.б. іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарын , жүргізген жұмыстарын қағаз жүзінде өткізді.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша тәрбиешілері балалардың бір жылдық бағдарлама материалын меңгеруі, бастапқы, аралық, қорытынды диагностика нәтижелеріне топ бойынша қорытынды жасап электронды және қағаз жүзінде жұмыстарын толық тапсырды. Балабақша әдіскері қорытынды жасап жақсы деген баға берді.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша мейірбикесі Г.Молдабекова сөз алды. Оқу жылындағы балалардың денсаулығы мен сауықтыруы туралы есебіне тоқталды. Таңғы жаттығулар, сауықтыру шынықтыру шаралары мезгілдік ас мәзірлерінің орындалғандығы, балалардың денсаулығын қорғау туралы іс шаралар белгіленген жоспар бойынша атқарылғандығын атап айтып қорытынды жасап жазғы сауықтыру шынықтыру шараларының жоспарымен таныстырды. Балабақша меңгерушісі қорытынды жасап аяқтады.

Шешімі:

1. 2023-2024 оқу жылының балабақша бойынша атқарылған жұмыстарының есебі жақсы деп бағалансын.
2. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының іс-жоспарлары бекітілсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшысы:



Д.Жантөрева

К.Қандаулетова